<b>Толық атауы</b>	«Орталық Азия отын-энергетика компаниясы» жабық акционерлік қоғамы	Закрывое акционерное общество «Центрально-Азиатская топливно-энергетическая компания»
<b>Қысқартылған атауы</b>	«ОАОЭК» ЖАҚ	ЗАО «ЦАТЭК»

- 1997 жылғы 11 маусымда «CCL OIL REFINERY» ЖШС құрылды;
  - Ұйымдық-құқықтық нысанының және атауының өзгеруіне байланысты 1998 жылғы 01 қыркүйекте «ОАОЭК» ЖАҚ болып қайта құрылды;
  - 2004 жылғы 30 шілдеде ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруіне байланысты «ОАОЭК» АҚ болып қайта тіркелді.
- «ОАОЭК» АҚ «CCL OIL REFINERY» ЖШС барлық құқықтары мен міндеттерінің құқылы мирасқоры болып табылады.

### 3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

- 30.07.2004ж. заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік № 21213-1910-АҚ, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы қалалық Әділет департаментінде тіркелген.

### 4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі

- 600 900 116 804

### 5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсінің нөмірлері, электронды поштасының мекенжайы туралы ақпарат

- Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050012, Қарасай батыр к-сі, 89
- Тел.: +7 (727) 258-49-41, 259-08-63 факс: +7 (727) 258-49-42
- E-mail: [info@energy.kz](mailto:info@energy.kz)

### 6. Эмитенттің банктік деректемелері

<b>Банктің атауы, деректемелері</b>	<b>Банктің орналасқан жері</b>	<b>Эмитенттің банктік деректемелері</b>
«Казкоммерцбанк» АҚ АФ, БИК 190501724	Алматы қ., Абылай Хан к-сі, 147 тел. (327) 258-51-18	ЖИК (теңге): № 051467479 ЖИК (USD): № 032070665
«Қазақстан Эксимбанкi» АҚ, БИК 190501942	Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 80 тел. (327) 261-28-05	ЖИК (теңге): № 203467706 ЖИК (RUB): № 203160003 ЖИК (USD): № 203070012

## 7. Эмитенттің қызмет түрлері

Эмитенттің негізгі қызмет түрлері:

- энергетика, машина жасау, өнеркәсіптің басқа салаларында жұмыс істейтін отандық және шетелдік кәсіпорындардың дамуына көмектесу;
- инвестициялық қызмет;
- кеңес беру қызметтерін көрсету;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;
- коммерциялық қызмет;
- өндірістік-техникалық, сауда, тұрғын және әлеуметтік-мәдени мәні бар объектілер салу және жөндеу;
- халық тұтыну тауарларын, азық-түлік, өндірістік-техникалық мәні бар өнімдер шығару;
- сауда-саттық қызметі, азық-түлікпен, халық тұтыну тауарларымен, өндірістік-техникалық мәні бар өнімдермен сауда жасау;
- инновациялық қызмет;
- құрылыс материалдарын әзірлеу, өңдеу, шығару және тарату;
- маркетингтік және басқа қызметтер көрсету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлерін атқару.

## 8. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер. Эмитентке қаржы агенттігі мәртебесі берілсе, уәкілетті орган қаулысы қабылданған күнді, нөмірін көрсету керек.

- Эмитенттің өзіне немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері немесе Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтері жоқ. Бірақ «ОАОЭК» АҚ бұдан былайғы дамуы мен рынокқа қатысуын кеңейтуін есепке ала отырып, кредиттік рейтинг алу жоспарланып отыр.
- Эмитент қаржы агенттігі мәртебесіне ие емес.
- Еншілес мекеме "Қазақстан Эксимбанк" АҚ келесі рейтинг халықаралық рейтинг агенттігі Moody's Investors Service ғалымдық шәкіл – ұзақ мерзімді рейтинг B2 және қысқа мерзімді рейтинг Not Prime депозит бойынша ұлттық және шет ел валютасы және рейтинг қаржы тұрақтылық E+. Банктің барлық рейтингтері "тұрақты" болжау бар.

## 9. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері, пошталық мекенжайлары

- Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.



**10. Тиісті алқаларға (қауымдастырға, палаталарға) қатысын көресете отырып, соңғы аяқталған үш қаржы жылы ішіндегі эмитенттің қаржылық есебінің аудитін жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, болса, әкесінің аты)**

- 2005, 2006, 2007 ж. нәтижелері бойынша қаржы-шаруашылық қызмет аудитін «Делойт» ЖШС жүргізді, 13.09.2006ж. аудиторлық қызметпен айналысуға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен берілген мемлекеттік лицензия №0000015 сериясы МФЮ-2. «Делойт» ЖШС Бас директоры – Бекенов Нурлан. «Делойт» ЖШС келесі қауымдастықтардың мүшесі болып табылады: Қазақстандағы Американың сауда палатасы, Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығы, Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы, Қазақстанның Еуропа Бизнес Қауымдастығы.
- 2008 жылғы I жарты жылдағы жиынтықты қаржы ақпаратына аралық шолуды «ALMIR CONSULTING» ЖШС жүргізді. «ALMIR CONSULTING» ЖШС Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен аккредитацияланған ҚР Аудиторлар палатасының мүшесі, RSM International халықаралық желісіне кіретін NP IAS «RSM TOP AC» желісінің мүшесі болып табылады. «ALMIR CONSULTING» ЖШС бағалы қағаз эмитенттерінің жылдық аудитін жүргізу үшін АӨҚО АРД Төрағасының 2008 жылғы 3 сәуірдегі № 04.2-09/78 бұйрығымен бекітілген Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында қаржы құралдарына қол жетімді болу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарының 1-тармағына сәйкес болу туралы 05.09.2008ж. қорытындысына ие.

**10.1. Тиісті алқаларға (қауымдастырға, палаталарға) қатысын көресете отырып, үш жыл ішіндегі тиісті қызмет көрсетуге шарттар жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілердің толық ресми атауы**

***2006-2007 жылдар:***

- Қаржы мәселелері бойынша кеңес беру қызметтері «БанкЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы «BCC Invest» акционерлік қоғамымен ұсынылды, қаржы кеңесшісі қызметтерін көрсету туралы 2007ж. 02 шілдедегі шарт № ЭА/ЛА/-09-06/07. «BCC Invest» АҚ «Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің толық құқылы мүшесі болып табылады (куәлік сериясы В №154). Шарт 2008 жылғы 19 қыркүйекте бұзылды.

***2008 жыл:***

- Қаржы мәселелері бойынша кеңес беру қызметтері «Centras Securities» акционерлік қоғамымен ұсынылды, қаржы кеңесшісі қызметтерін көрсету туралы 2008 жылғы 010 қазандағы шарт № 40-00. Компанияның Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігімен берілген төмендегідей тиісті лицензиялары бар:
  - 2004ж. 22 қыркүйектегі инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия № 0403200223.
  - 2004ж. 22 қыркүйектегі номинал ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметпен айналысуға лицензия № 0401200886.

**10.2. Жоғарыда аталған тұлғалармен шарт бұзу орын алған жағдайда тараптардың қайсысы бастама көтергендігін көрсетіп, шартты бұзу себептері туралы ақпаратты беру керек.**

- «BCC Invest» АҚ қаржы кеңесшісінің қызметтерін көрсету туралы 2007ж. 02 шілдеде жасалған № ЭА/ЛА/-09-06/07 шарт 2008 жылғы 19 қыркүйекте өзара келісім бойынша бұзылды.

**11. Эмитент корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күн (егер оны қабылдау қоғамның жарғысында көзделген болса)**

- Корпоративтік басқару кодексі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен 2006ж. «01» қыркүйекте қабылданды (хаттама № 009/06).

**2. Эмитенттің басқару органдары**

**12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы**

**Қоғамның органдары:**

1. Жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
2. Басқару органы – Директорлар кеңесі;
3. Атқарушы орган – Президент.

**Жоғарғы орган:** Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер бойынша шешім қабылдау жатады:

1. қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
2. корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
3. қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
4. қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
5. санақ комиссиясының сандық құрамын және өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
6. директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен шарттарын айқындау;
7. қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
8. жылдық қаржылық есепті бекіту;
9. есепті қаржылық жылдағы қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша қоғамның бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту;
10. Қоғам Жарғысымен көзделген жағдайлар басталғанда қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
11. қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтық сомамен жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
12. акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
13. қоғам акцияларды «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;
14. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
15. акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін айқындау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын айқындау;
16. «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

17. шешім қабылдау «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен және қоғам жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

**Басқарушы орган:** Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер бойынша шешім қабылдау жатады:

1. қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
2. акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
3. акцияларды орналастыру (тарату), соның ішінде жарияланған акциялар саны орналастырылған (таратылған) акциялардың саны, оларды орналастыру (тарату) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
4. қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау;
5. қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
6. жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және есепті қаржы жылында төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға дивиденд мөлшерін айқындау;
7. облигацияларды және қоғамның туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;
8. атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, басшысы мен мүшелерін (атқарушы органның қызметтерін дара атқаратын тұлғаны), сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
9. атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның қызметтерін дара атқаратын тұлғаның) лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;
10. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
11. бағалаушының және аудиторлық ұйымның қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
12. қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту;
13. қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және тарату туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
14. қоғамның басқа ұйымдарды құруға және қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
15. қоғамның меншікті капиталының он және одан астам пайызын құрайтын көлемге оның міндеттемелерін ұлғайту;
16. бұрынғы тіркеушімен шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау;
17. қоғамның қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;
18. ірі мәмілелерді және жасалуында қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
19. акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатпайтын, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында және жарғыда көзделген басқа да мәселелер.

**Атқарушы орган:** Президенттің айрықша құзыретіне келесі мәселелер бойынша шешім қабылдау жатады:

1. акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2. қоғам атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасағанда сенімхатсыз іс-әрекет етеді;
3. Қоғамды үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында таныту құқығына сенімхат береді;
4. атқарушы орган мүшелерін және қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды (бұған «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген жағдайлар жатпайды), орындарын ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға марапаттау шараларын және тәртіптік жазалау шараларын қолданады, қоғамның штаттық кестесіне сәйкес оларға лауазымдық жалақы мөлшерін белгілейді, оларға қосымша сыйлықақы мөлшерін белгілейді;
5. өзі болмаған жағдайда міндеттерін орындауды атқарушы орган мүшелерінің біріне жүктейді;
6. атқарушы органның мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік аясын және жауапкершілікті бөледі;
7. қоғам жарғысымен және акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

### 13. Эмитенттің директорлар кеңесінің мүшелері

2008ж. 01 қазанда

Директорлар кеңесінің төрағасы	Клебанов Александр Яковлевич (1963 жылы туылған)
Жұмыс орны / Атқарған қызметі	Кезең
«Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» РМК/ Бас Директор	2000 ж. - 2007 ж.
«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ/ Директорлар кеңесінің төрағасы	2004 ж. – қазіргі уақыт
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	5 000 000 дана жай акция 33,3333 %
Еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ

Директорлар кеңесінің мүшесі	Амирханов Еркын Адамиянович (1967 жылы туылған)
Жұмыс орны / Атқарған қызметі	Кезең
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/ Директорлар кеңесінің төрағасы	2002 ж. – қазіргі уақыт
«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ/ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі	2004 ж. – қазіргі уақыт
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	5 000 000 дана жай акция 33,3333 %
Еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ

Директорлар кеңесінің мүшесі	Кан Сергей Владимирович (1968 жылы туылған)
Жұмыс орны / Атқарған қызметі	Кезең
«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	2004 ж. – қазіргі уақыт
«Нефтегазстрой» холдингтік корпорациясы» ЖШС / Директорлар кеңесінің төрағасы	2004 ж. – қазіргі уақыт

«Circle Maritime Invest» ЖШС/Директор	2007 ж. - қазіргі уақыт
«Қаражат Инвест» ТИАИҚ» АҚ/ Директорлар кеңесінің төрағасы	2007 ж. - қазіргі уақыт
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	5 000 000 дана жай акция 33,3333 %
Еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ

<b>Директорлар кеңесінің мүшесі</b>	<b>Артамбаева Гульнара Джумагалиевна (1969 жылы туылған)</b>
<b>Жұмыс орны / Атқарған қызметі</b>	<b>Кезең</b>
«ОАОЭК» АҚ/ Президент	2000 ж. – қазіргі уақыт
«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	2004 ж. – қазіргі уақыт
«Павлодарэнерго» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі	2002 ж. – қазіргі уақыт
«Павлодарэнергосервис» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі	2002 ж. – қазіргі уақыт
«Энергоцентр» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі	2002 ж. – қазіргі уақыт
«Аманат Қазақстан ЖЗК» АҚ / директорлар кеңесінің төрайымы	2006 ж. – қазіргі уақыт
«ЦАТЭК Инвест» ТИАИҚ» АҚ/Директорлар кеңесінің төрайымы	2007 ж. – қазіргі уақыт
"Орталық-Азиялық электроэнергетикалық корпорациясы" АҚ / Өкілетті өкіл (атқарушы орган)	2008 ж. – қазіргі уақыт
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ

<b>Директорлар кеңесінің мүшесі (Тәуелсіз директор)</b>	<b>Андреев Геннадий Иванович (1943 жылы туылған)</b>
<b>Жұмыс орны / Атқарған қызметі</b>	<b>Кезең</b>
«Институт «КазНИПИЭнергопром» ЖШС/ Бас директор	1994 ж. - қазіргі уақыт
«KEGOK» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)	2006 ж. - қазіргі уақыт
«Павлодарэнергосервис» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)	2007 ж. – қазіргі уақыт
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)	2007 ж. – қазіргі уақыт
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ

<b>Директорлар кеңесінің мүшесі (Тәуелсіз директор)</b>	<b>Ким Валерия Викторовна (1962 жылы туылған)</b>
<b>Жұмыс орны / Атқарған қызметі</b>	<b>Кезең</b>
«Нефтегазстрой» холдингтік корпорациясы» ЖШС/ Басқарма төрайымы	2004 ж. – 2006 ж.
«Еуразиялық даму банкі» АҚ/ Басқарма төрағасының орынбасары	2006 ж. – 2007 ж.
«Мастербанк» АҚ / Басқарма төрайымы	2007 ж. - қазіргі уақыт
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ

- Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысының 2007ж. 17 тамыздағы шешімімен сайланды.
- Андреев Геннадий Иванович және Ким Валерия Викторовна тәуелсіз директорлар болып тағайындалды.
- Директорлар кеңесінің 2007ж. 20 тамыздағы шешімімен Клебанов А.Я. Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.
- Директорлар кеңесінің алдыңғы құрамы: Артамбаева Гульнара Джумагалиевна, Амирханов Еркын Адамиянович, Татаров Игорь Витальевич, Кажгалиев Равиль Шамильевич.
- Алдыңғы жылдарда Директорлар кеңесінің құрамында болған басқа өзгерістер: 27.09.2004 ж. акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Татаров Игорь Витальевич, Кажгалиев Равиль Шамильевич сайланды.

### 13.1. Эмитенттің Директорлар кеңесінің комитеттері

- Отырыс шешімімен (15.05.2007ж. №014 хаттама) «ОАОЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жанындағы ішкі аудит жөніндегі комитет құрылды.

#### Ішкі аудит жөніндегі комитеттің құзыреті:

1. Тиісті ішкі құжаттармен және процедуралармен уәкілетті ғана Компания тұлғалары операциялардың жүргізілуін қамтамасыз етуге жасалатын әкімшілік бақылау жүргізу;
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ операциялар жүргізу, қызметтер көрсету тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ есепке алу мен есеп беруде көрсетудің шынайылығын реттейтін Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес шаруашылық және қаржы операцияларын жүргізуге Компанияның бақылау жасауы.
3. Компанияның қаржы есебінде және қаржы-шаруашылық қызметінде қомақты бұзылулар анықталған жағдайда заңнамамен белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыруды талап ету;
4. Аудит өткізу әдістерін дербес анықтау;
5. Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен жекелеген қызметкерлерінің жұмысында табылған барлық ереже бұзылушылықтар мен кемшіліктер туралы Компания басшылығына хабар беру;
6. сақтандыру, коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді сақтау үшін Компания қолданатын шараларға бақылау жасау;
7. Компания басшылығына Компанияның басқа құрылымдық бөлімшелерінің жұмысында анықталған кемшіліктер мен ереже бұзуларды жою, сондай-ақ іс-шаралардың нақты тізімін көрсетіп, Компания қызметінің тиімділігін жақсарту және көтеру жөнінде нұсқаулар беру;
8. Компанияның Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған қызметін атқаруын және жүргізуін реттейтін ішкі құжаттарды Компанияның қабылдауына бақылау жасау.

### 14. Эмитенттің атқарушы органы

2008ж. 01 қазанда

Директорлар кеңесінің мүшесі	Арттамбаева Гульнара Джумагалиевна (1969 жылы туылған)
Жұмыс орны / Атқарған қызметі	Кезең
«ОАОЭК» АҚ / Президент	2000 ж. – қазіргі уақыт
«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ/ директорлар кеңесінің мүшесі	2004 ж. – қазіргі уақыт
«Павлодарэнерго» АҚ / директорлар кеңесінің мүшесі	2002 ж. – қазіргі уақыт
«Павлодарэнергосервис» АҚ/директорлар кеңесінің мүшесі	2002 ж. – қазіргі уақыт
«Энергоцентр» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі	2002 ж. – қазіргі уақыт
«Аманат Қазақстан ЖЗК» АҚ/ Директорлар кеңесінің төрайымы	2006 ж. – қазіргі уақыт

«ЦАТЭК Инвест» ТИАИҚ» АҚ/Директорлар кеңесінің төрайымы	2007 ж. – қазіргі уақыт
"Орталық-Азиялық электроэнергетикалық корпорациясы" АҚ / Өкілетті өкіл (атқарушы орган)	2008 ж. – қазіргі уақыт
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ

**15. Соңғы қаржы жылы ішінде Директорлар кеңесінің, атқарушы органның мүшелеріне төленген сыйақы мен жалақының жалпы мөлшері, сондай-ақ берілген жеңілдіктер**

2008ж. 01 қазанда

Басқару органдары	2007 жылы	01.10.2008	12 айға өнегелі көлем сыйақысы
Атқарушы Орган	6 143 866 тг.	4 452 864 тг.	6 200 000 тг.
Вице-президент	5 248 843 тг.	3 799 939 тг.	5 300 000 тг.
Ішкі аудит жөніндегі комитет	-	-	-
Бас бухгалтер	3 783 473 тг.	2 789 730 тг.	3 800 000 тг.

**16. Эмитенттің ұйымдық құрылымы**

- Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.
- 01.10.08ж. жағдай бойынша «ОАОЭК» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің жалпы саны - 8 462 адам.
- 01.10.08ж. жағдай бойынша «ОАОЭК» АҚ қызметкерлерінің жалпы саны - 42 адам.

**17. «ОАОЭК» АҚ ұйымдық құрылымы**



• **Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер**

Құрылымдық бөлімше атауы	Лауазымы	Аты-жөні	Туылған күні
Дамыту жөніндегі вице-президент	-	Забережный Дмитрий Анатольевич	03.02.1974
Бухгалтерия	Бас бухгалтер	Кабдрахманова Роза Оразхановна	15.05.1965
Заң департаменті	Департамент директорының	Курманалин Жаксылық Нуртасович	26.12.1981
Ақпараттық технологиялар департаменті	Департамент директоры	Амирханов Ержан Адамиянович	11.07.1970
Талдау және тәуекелдер департаменті	Департамент директоры	Магазов Дмитрий Сергеевич	06.09.1977
Ішкі аудит жөніндегі комитет	Комитет төрағасы	Мушрапилов Алишер Абдулинович	10.10.1971
Корпоративтік хатшы	Корпоративтік хатшы	Радченко Радда Яковлевна	08.08.1947
Әкімшілік-шаруашылық бөлім	Бөлім басшысы	Исабекова Зауре Джелдыбековна	30.07.1976

**3. Эмитенттің акционерлері мен аффилирленген тұлғалары**

**18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары)**

- акционерлердің жалпы саны - 3 (үш), соның ішінде жеке тұлғалар - 3 (үш):
- Амирханов Еркін Адамиянович (1967 жылы туылған) 5 000 000 жай акцияға немесе орналастырылған акциялардың жалпы санының 33.3333 % ие;
- Кан Сергей Владимирович (1968 жылы туылған) 5 000 000 жай акцияға немесе орналастырылған акциялардың жалпы санының 33.3333 % ие;
- Клебанов Александр Яковлевич (1963 жылы туылған) 5 000 000 жай акцияға немесе орналастырылған акциялардың жалпы санының 33.3333 % ие.

**19. Заңды тұлғаның толық атауын, орналасқан жерін, жарғылық капиталындағы эмитенттің акцияларының (үлестерінің) пайыздық қатынасын, қызмет түрін, бірінші басшысының аты-жөнін, болса, әкесінің атын көрсетіп, акциялардың (үлестерінің) он және одан да көп пайызына эмитент ие болып табылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтер**

2008ж. 01 қазанда

Заңды тұлғаның атауы	Орналасқан жері	Ұйымның ЖК эмитент акцияларының пайыздық қатынасы	Қызмет түрі	Бірінші басшысының аты-жөні
«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ	Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 80	69,90 % (дауыс беруші акцияларға)	Банк қызметі	Амирханов Еркін Адамиянович
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ	Павлодар қ., Кривенко к-сі, 27	79,77 %	Отын және электр энергиясын шығару және тарату	Дука Анатолий Иванович
«АМАНАТ Қазақстан ЖЗК» АҚ	Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 80	99,90 %	Міндетті, ерікті зейнетақы жарналарын тарту, зейнетақы төлемдерін төлеу	Амирханов Аскар Сайдашевич



"Орталық-Азиялық электроэнергетикалық корпорациясы" АҚ	Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89	100%	Инвестициялық, энергетика, өнеркәсіптің басқа салаларында жұмыс істейтін отандық және шетелдік кәсіпорындардың дамуына көмектесу	Артамбаева Гульнара Джумағалиевна (Өкілетті өкіл – Атқарушы орган)
«Kaz Air Jet» акционерлік қоғамы	Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89	100%	Үнемі халықаралық және ішкі әуе жолдары арқылы жолаушы, жүк, пошта тасымалдау, үнемі емес жолаушы және жүк тасымалдары	Падалко Андрей Викторович
«СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС	Павлодар қ., Я. Гашек к-сі, 28	100%	Отын және электр энергиясын өндіру, тарату	Бармин Виктор Николаевич
«Северо-Казахстанская распределительная электросетевая компания» ЖШС	Павлодар қ., Жамбыл к-сі, 35	100%	Электр энергиясын тасымалдау	Абсәлімов Марат Таширович
«Петропавловские тепловые сети» ЖШС	Павлодар қ., Строительная к-сі, 23	100%	Отын энергиясын беру және бөлу	Калиничев Андрей Владимирович
«Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС	Павлодар қ., Жабаев к-сі, 215	100%	Электр энергиясын өндіру және тарату	Татаров Игорь Витальевич
«ОАОЭК» велосипед командасы» мекемесі коммерциялық емес ұйымы	Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89	100%	Велосипед спортын дамыту	Тулаев Рустам Юлдашевич
«Эксим Лизинг Қазақстан» ЖШС	Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89	100 %	Лизингтік операциялар атқару	Амирханов Ержан Адамиянович

**20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат**

- «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ иеленуіне байланысты 2005ж. 28 мамырда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының №169 қаулысы негізінде «Орталық Азия отын-энергетика компаниясы» акционерлік қоғамы банктік холдинг мәртебесіне ие.
- Эмитент басқа топтарға, холдингтерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатыспайды.

**21. Эмитенттің басқа да аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер**

- **Заңды тұлғалар:**

Занды тұлғаның атауы, орналасқан жері	Қызмет түрі	Бірінші басшысының аты-жөні
«Павлодарэнергосервис» АҚ, Павлодар қ., Кривенко к-сі, 27	Электр энергиясын беру	Глотов Владимир Иванович
«Павлодарские тепловые сети» ЖШС, Павлодар қ., Кривенко к-сі, 27	Отын энергиясын беру және үлестіру	Анищук Анатолий Васильевич
«Энергоцентр» АҚ, Павлодар қ., Кривенко к-сі, 27	Электр энергиясын үлестіру	Зинкевич Александр Викторович
«ЦАТЭК Инвест» ТИАИҚ» АҚ	Инвестициялық қызмет	Турмагамбетов Ренат Жумабекович
«Circle Maritime Invest» ЖШС Алматы қ., Райымбек д-лы, 160А	Теңіз көлігін жасау	Кан Сергей Владимирович
«Қаражат Инвест» ТИАИҚ» АҚ Алматы қ., Райымбек д-лы, 160А	Инвестициялық қызмет	Исакова Людмила Евгеньевна
«Enter-Unit» ЖШС Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89	Компьютерлік жабдықтардың көтерме-бөлшек саудасы	Амирханов Ержан Адамиянович
«MacCentre Kazakhstan» ЖШС Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89	Компьютерлік жабдықтардың көтерме-бөлшек саудасы	Амирханов Ержан Адамиянович
«КапиталИмпорт Корп» ЖШС	Жалпы коммерциялық	Алимбаева Лейла Бекымовна
«ЦАТЭК Инвестмент Групп» ЖШС	Жалпы коммерциялық	Амирханов Ержан Адамиянович

• **Жеке тұлғалар**

2008ж. 01 қазанда

Лауазымды тұлғаның аты-жөні, тұрғылықты жері	Аффилиирленген тұлға, тұрғылықты жері
Артамбаева Гильнара Джумагалиевна Алматы қ.	Анасы - Артамбаева Рымгуль Кенжебаевна, Семей қ.
	Ағасы/інісі - Артамбаев Талгат Джумагалиевич, Семей қ.
	Әпкесі/сіңлісі - Макулбаева Динара Джумагалиевна, Семей қ.
Амирханов Еркын Адамиянович, («ОАОЭК» АҚ ірі акционері) Алматы қ.	Әкесі - Амирханов Адамия, Алматы қ.
	Анасы - Сахаева Дамеш Джунусовна, Алматы қ.
	Ағасы/інісі - Амирханов Ержан Адамиянович, Алматы қ.
	Зайыбы - Жаксылыкова Лаура Сериковна, Алматы қ.
Кан Сергей Владимирович, («ОАОЭК» АҚ ірі акционері) Алматы қ.	Анасы - Кан Нина Николаевна, Алматы қ.
	Ағасы/інісі - Кан Виталий Владимирович, Алматы қ.
	Зайыбы - Кан Жанна, Алматы қ.
	Ұлы - Кан Артем Сергеевич, Алматы қ.
	Ұлы - Кан Илья Сергеевич, Алматы қ.
Клебанов Александр Яковлевич, («ОАОЭК» АҚ ірі акционері) Алматы қ.	Әпкесі/қарындасы - Бабаева - Клебанова Анна Яковлевна, Алматы қ.
	Ағасы/інісі - Клебанов Аркадий Яковлевич, Алматы қ.
	Зайыбы - Клебанова Дарья Владимировна, Алматы қ.
	Ұлы - Клебанов Яков Александрович, Алматы қ.
Дука Анатолий Иванович Павлодар қ.	«Павлодарэнерго» АҚ Басқарма төрағасы

Ризен Инна Павлодар қ.	«Павлодарэнерго» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
Асмус Александр Павлодар қ.	«Павлодарэнерго» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
Анищук Анатолий Васильевич	Президент, «Павлодарские тепловые сети» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Зинкевич Александр Викторович	«Энергоцентр» АҚ Президенті
Глотов Владимир Иванович	«Павлодарэнергосервис» АҚ Президенті, Директорлар кеңесінің мүшесі
Прихожан Дмитрий Анатольевич	«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ Басқарма мүшесі
Казова Алма Мункеевна	«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ Басқарма мүшесі
Ример Наталья Генриховна	«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ Басқарма мүшесі, Бас бухгалтері
Турмагамбетов Ренат Жумабекович	«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ Басқарма мүшесі
Амирханов Аскар Сайдашевич	«Аманат Қазақстан ЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы
Татаров Игорь Витальевич	«Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС Президенті
Калиничев Андрей Владимирович	«Петропавловские тепловые сети» ЖШС Директоры
Бармин Виктор Николаевич	«СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС Директоры
Абсалямов Марат Таширович	«Северо-Казахстанская распределительная электросетевая компания» ЖШС Директоры
Падалко Андрей Викторович	«KazAirJet» АҚ Президенті
Тулаев Рустам Юлдашеич	«ОАОЭК» велосипед командасы» мекемесі коммерциялық емес ұйымының Директоры
Исакова Людмила Евгеньевна	«Қаражат Инвест» ТИАИҚ» АҚ Басқарма төрайымы

## 22. Аффилирленген тұлғалардың қатысуымен жасалған мәмілелер 2007 жыл

№	Ұйым атауы	Мәміле күні	Мәміле нысаны	Мәміле сомасы, мың теңге	Шешім қабылдаған қоғам органы
1	«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ	15.01.2007	«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ жай акцияларын сатып алу	360 998	Атқарушы орган
		07.05.2007	Дивидендтер төлеу	94 366	
		28.09.2007	Банктік қарыз шарты	32 000	Атқарушы орган
		03.10.2007	Банктік қарыз шарты	20 000	Атқарушы орган
		04.10.2007	Банктік қарыз шарты	2 000	Атқарушы орган
		30.11.2007	Банктік қарыз шарты	108 000	Атқарушы орган
		13.12.2007	Банктік қарыз шарты	365 000	Атқарушы орган
		21.12.2007	Банктік қарыз шарты	365 000	Атқарушы орган

		24.12.2007	Банктік қарыз шарты	200 000	Атқарушы орган
		25.12.2007	Банктік қарыз шарты	165 400	Атқарушы орган
		26.12.2007	Банктік қарыз шарты	165 000	Атқарушы орган
		28.12.2007	Банктік қарыз шарты	165 000	Атқарушы орган
2	«Павлодарэнерго» АҚ	07.05.2007	Эмитентке қаржылай көмек көрсету	1 500 000	
		20.04.2007	«ЦАТЭК Инвест» ТИАИҚ» АҚ жай акцияларын сатып алу	150 000	Директорлар кеңесі
3	«Аманат Қазақстан ЖЗҚ» АҚ	30.01.2007	Демеушілік көмек	335 025	Атқарушы орган
4	«ЦАТЭК Инвест» ТИАИҚ» АҚ	11.04.2007	Демеушілік көмек	10 000	Атқарушы орган
		19.04.2007	Жер телімін сату	27 730	Атқарушы орган
		19.04.2007	Жер телімін сату	172 269,78	Атқарушы орган
		24.07.2007	Дивидендтер төлеу	400 000	
		12.12.2007	Демеушілік көмек	5 700 000	Атқарушы орган
5	«Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС	29.11.2007	Эмитентке қаржылай көмек көрсету	214 000	
6	«КапиталИмпорт Корп» ЖШС	30.10.2007	«Павлодарэнерго» АҚ жай акцияларын сатып алу	300 000,1	Атқарушы орган
7	«KazAirJet» АҚ	06.11.2007	Жарғылық капиталға жарна	15 745	Директорлар кеңесі
8	«Enter-Unit» ЖШС		Компьютерлік жабдықтар сатып алу	39,9	Атқарушы орган
9	«MacCentre Kazakhstan» ЖШС		Компьютерлік жабдықтар сатып алу	310,6	Атқарушы орган

#### 2008 жылғы 9 ай

№	Ұйым атауы	Мәміле күні	Мәміле нысаны	Мәміле сомасы, мың теңге	Шешім қабылдаған қоғам органы
1	«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ	20.08.2008	Банктік қарыз шарты	104 000	Атқарушы орган

2	«Павлодарэнергосервис» АҚ	30.04.2008	Эмитентке қаржылай көмек көрсету	150 000	
3	«КапиталИмпорт Корп» ЖШС	22.06.2008	«Павлодарэнерго» АҚ жай акцияларын алдын ала төлем ақысы	1 209 800	Атқарушы орган
4	«Enter-Unit» ЖШС	05.06.2008	Компьютерлік жабдықтар сатып алу	635,4	Атқарушы орган
5	«MacCentre Kazakhstan» ЖШС	26.09.2008	Компьютерлік жабдықтар сатып алу	505	Атқарушы орган
6	«Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС		Эмитентке қаржылай көмек көрсету		
7	"Орталық-Азиялық электроэнергетикалық корпорациясы" АҚ	16.09.2008	Жарғылық капиталға жарна	66 000	Директорлар кеңесі
8	Клебанов Александр Яковлевич	23.05.2008	"ЦАТЭК Инвест "ТИАИК" АҚ жай акцияларын сату 683 333 дана мөлшерде	68 333,4	Директорлар кеңесі
9	Кан Сергей Владимирович	23.05.2008	"ЦАТЭК Инвест "ТИАИК" АҚ жай акцияларын сату 683 333 дана мөлшерде	68 333,3	Директорлар кеңесі
10	Амирханов Еркын Адамиянович	23.05.2008	"ЦАТЭК Инвест "ТИАИК" АҚ жай акцияларын сату 683 333 дана мөлшерде	68 333,3	Директорлар кеңесі

23. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылғанда аффилиирлігін тану үшін негіздерді, туындау күнін көрсетіп, секьюритизациялау мәміле тарапының аффилиирлігі туралы ақпарат ашылады.

- «ОАОЭК» АҚ арнайы қаржы компаниясы емес.

#### 4. Эмитент қызметінің сипаттамасы

24. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің, соның ішінде эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша қысқаша сипаттамасы

- «Орталық Азия отын-энергетика компаниясы» АҚ – негізгі қызмет түрі еншілес ұйымдарды басқару болып табылатын интеграцияланған энергетикалық холдинг. Эмитентке екінші деңгейдегі банктің, мемлекеттік емес зейнетақы қорының, энергия өндіруші, тасымалдаушы және өткізуші кәсіпорындардың ірі акциялар пакеті тиесілі, олардың құрамында Павлодар қ. екі жылу-электр станциялары, Павлодар электр желілері («Павлодарэнергосервис» АҚ), Павлодар жылу желілері («Павлодар жылу желілері» АҚ), аймақтық өткізу ұйымы («Энергоцентр» АҚ), Екібастұз жылу орталығы, Павлодар облысының Екібастұз қаласындағы Екібастұз жылу желілері қызмет атқарады. 2007 жылдан бері Компанияның құрамында Солтүстік Қазақстан облысының энергетикалық кешен кәсіпорындары, соның

ішінде «СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС, «Северо-Казахстанская распределительная электросетевая компания ЖШС («СК РЭК» ЖШС), «Петропавловские тепловые сети» ЖШС, «Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС бар. Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігімен Астана қаласындағы энергиямен жабдықтайтын «Астанаэнергосыт» ЖШС 100 % қатысу үлесін иелену бойынша мәміле келісу сатысында.

- «Орталық Азия отын-энергетика компаниясы» АҚ қызметінің мәні энергетика, қаржы және экономиканың басқа салаларында жұмыс істейтін отандық және шетелдік компаниялардың дамуына көмектесу болып табылады.
- «Орталық Азия отын-энергетика компаниясы» АҚ – құрамына экономиканың әртүрлі салаларының компаниялары кіретін холдинг. Осылайша, «ОАОЭК» АҚ негізгі қызметі банк қызметін атқару болып табылатын «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ дауыс беретін акцияларының 69,9% ие болып табылатын ірі акционер болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық банктік холдингтер Қоғамның қаржы секторындағы бәсекелестері болып табылады.
- «ОАОЭК» АҚ негізгі қызметі Павлодар қаласы мен Павлодар облысында жылу және электр энергиясын өндіру және тарату болып табылатын «Павлодарэнерго» АҚ акцияларының 79,77% ие ірі акционер және Солтүстік Қазақстан облысындағы энергетикалық компаниялар тобының (бұдан былай – «СевКазЭнергоПетропавловск тобы») негізгі қатысушысы болып табылады. AES Kazakhstan Корпорациясы, Eurasian Natural Resources Corporation, Т.И. Батуров ат. «Жамбыл ГРЭС» АҚ, «Мангистауский атомный энергокомбинат Казатомпром» ЖШС, «Станция Экибастузская ГРЭС-2» АҚ, «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Қазцинк» АҚ, «Миттал Стил Теміртау» АҚ, «Қарағанды Жылу» ЖШС, «Астана-энергия» АҚ сияқты компаниялар Эмитенттің энергетикалық сектордағы бәсекелестері болып табылады.

## **25. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар**

- Акционерлік қоғамның қызмет барысында қызметінің негізгі түрлері бойынша кірістердің өсуіне әсер ететін келесідей оң факторларды атап өтуге болады:
  - экономиканың түрлі салаларында, қаржы және өндірістік саласында тәжірибесі мол кәсіби білікті қызметкерлер;
  - бизнес процестерді автоматтандыру үшін заманауи техникалық құралдар мен бағдарламалық өнімдердің болуы;
  - белсенді әрі тиімді маркетингтік қызмет нәтижесі ретінде акционерлік қоғамның еншілес ұйымдарының сауда маркаларының (брендінің) танымалдылығы;
  - ақша қаражаттарын банктік және басқа коммерциялық құрылымдардағы инвестициялар;
  - басқа компаниялардың бағалы қағаздарын иелену.
- Сондай-ақ акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша кірістердің төмендеуіне әсер ететін теріс факторлар:
  - түрлі рыноктардағы бәсекелестіктің күн сайын артып жатқан деңгейі, оған акционерлік қоғамның еншілес ұйымдары жатады;
  - акционерлік қоғамның еншілес ұйымдарының өнімдеріне деген халықтың төлем қабілеттілік сұранысының төмен деңгейі;
  - халықтың қаржы институттарына деген сенімінің жоғалуы;
  - Қазақстан Республикасының қаржы және шикізат рыноктарының қызметін реттейтін заңнама базасының жетілдірілмеуі.

26. **Құжат күнін, нөмірін, жарамдылық мерзімін, осы құжатты берген органды көрсетіп, эмитенттің қызмет атқару үшін алған лицензиялары (патенттері), рұқсаттары туралы мәліметтер**

- «ОАОЭК» АҚ қандай да бір қызмет түрлерін атқаруға лицензиялары (патенттері) жоқ. Бірақ холдинг құрамына негізгі қызметі лицензиялануға тиісті «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СевКазЭнергоПетропавловск» ЖШС, «Северо-Казахстанская распределительная электросетевая компания ЖШС («СК РЭК» ЖШС), «Петропавловские тепловые сети» ЖШС, «Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС кіреді.

➤ «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ:

- 2008 жылғы 20 маусымда бағалы қағаздар рыногында банктік және басқа операцияларды, қызметті атқаруға лицензия №232.

➤ «Павлодарэнерго» АҚ:

- Электр және жылу энергиясын өндіру, беру, үлестіру, электр станцияларын, электр желілерін, қосалқы станцияларды, жарылыс-өрт қауіпті өндірістерді, гидротехникалық және көтеру имараттарын, қазандықтарды, сосудтарды, қысыммен жұмыс істейтін құбырларды пайдалану қызметімен айналысуға Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен 19.02.2004ж. берілген № 002392 мемлекеттік лицензия (мерзімсіз);
- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алуға 19.02.2004ж. берілген лицензия № 002395 (мерзімсіз);
- Прекурсорларды иеленумен, тасымалдаумен, әкелумен, сақтаумен, пайдаланумен, жоюмен байланысты қызметпен айналысуға ҚР Әділет министрлігі Есірткі және есірткі бизнесімен күресу жөніндегі комитетпен 18.02.2004ж. берілген мемлекеттік лицензия сериясы Р №514 (24.12.2007ж. дейін жарамды)
- Энергетикалық, жарылыстан қорғалған электр техникалық жабдықтарды, аппаратураны, бақылау жүйелерін, аварияға қарсы қорғану, сигнализация, көтеру имараттарын қазандықтарды, ыдыстарды, қысыммен жұмыс істейтін құбырларды әзірлеу, монтаждау (пайдалану сатысында) және жөндеу қызметімен айналысуға Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен 19.02.2004ж. берілген № 002384 мемлекеттік лицензия (мерзімсіз);
- ҚР ТЖМ Павлодар облысының ТЖ саласындағы МБҚБ «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ аумағында өрт сигнализациясы құралдарын монтаждауға, жөндеуге, техникалық қызмет көрсетуге 14.04.2005 ж. берген лицензия №0003952 (мерзімсіз);
- Лицензиялау саласына сәйкес өлшеу құралдарын тексеру қызметімен айналысуға ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертифициаттау жөніндегі комитетімен 09.04.2004ж. берілген лицензия №0018348 (мерзімсіз);
- Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында жұмыстар орындау қызметімен айналысуға ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетімен 10.02.2003ж. берілген лицензия (мерзімсіз).
- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитетімен темір жол көлігімен қауіпті жүктерді (үшінші санатты – тез тұтанатын заттарды, сегізінші санатты – күйдіргіш коррозиялық заттарды) тасымалдауға 2002 жылғы 20 тамызда берген лицензия сериясы OGT № 0011578 (мерзімсіз).

➤ «СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС:

